



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 11 маусым

Жекелеген дамушы елдердің¹ 2018 жылғы 1 – 8 маусым аралығындағы валюталары бойынша шолу

8 маусымдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 1,0%-ға (330,78-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 334,02 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2018 жылғы 01 – 08 маусым аралығы кезеңінде АҚШ-тың Сауд Аравиясына және кейбір ОПЕК елдеріне мұнай өндіруді ұлғайту бойынша ұсынымдары туралы хабары, ЕОБ бас экономисінің сандық жұмсару (QE) бағдарламасын жедел жылжыту мүмкіндігі туралы түсініктемесі ең маңызды оқиғалар болды. Бұл факторлар әлемдік нарықта АҚШ доллары бағамының аздап әлсіреуіне әкелді.


Дамушы елдер² валюталары бағамдарының АҚШ долларына қатысты серпіні былайша қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка ранды** 2018 жылғы 1-тоқсандағы ІЖӨ бойынша әлсіз статистика аясында 3,0%-ға (12,69-дан 13,07-ге дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** АҚШ-тың НАФТА бойынша әріптес елдерден болат және алюминий импортына баж енгізуі аясында 1,8%-ға (19,94-тен 20,29-ға дейін) әлсіреді;
- **үнді рупиясы** 0,7%-ға (67,06-дан 67,51-ге) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** 0,3%-ға (13 896-дан 13 932-ге) әлсіреді;
- **Ресей рублі** 0,2%-ға (62,22-дан 62,32-ге дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** Бразилия Орталық банкінің (БОБ) басшысы баспасөз конференциясы шеңберінде инвесторларды тыныштандырып, БОБ нарыққа өтімділік ұсынуды жалғастыратындығын хабарлағаннан кейін 1,6%-ға (3,77-тен 3,71-ға) нығайды;
- **түрік лирасы** Түркияның Орталық банкі негізгі мөлшерлемені 125 базистік тармаққа арттырғаннан кейін 3,9%-ға (4,65-тен 4,47-ге дейін) нығайды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қатысты көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

Дамушы елдердің валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, %-бен
(2018 жылғы 01 – 08 маусым)



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz